

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Мен қандаймын?

ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.10.2017СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/17443/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Сарсенбаева Гулзат Зейнуллаевна

Сабақтың тақырыбы: «Мен қандаймын?»

Сабақтың мақсаты: Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында балалармен түрлі психологиялық жаттығулар жасату. Баланың өзіне деген сенімін, қиялдауын, есте сақтау қабілетін, зейінін арттыру және де сабаққа деген қызығушылықтарын ояту. Ұйымшылдыққа, татулыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: Ойын түрінде, сұрақ-жауап түрінде.

Көрнекіліктер: Үнтаспа, жұмсақ ойыншық, шар, қобдиша, смайликтер, бояу түрлері.

Сабақ барысы:

1. Балаларды сабаққа ұйымдастырып, шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-бірлеріне жұмсақ ойыншықты ұсынып, жақсы тілек айтқызу.

Кіріспе бөлім.

2. «Мен қандаймын?» жаттығуы.

- Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер.
- Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер.
- Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер.
- Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер.

- Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң оң қолыңды көтер.

Енді екі қолымызды жоғары көтереміз де бір-бірімізге қол шапалақтаймыз.

### 3. «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы. (қобдишада айна бар)

Балалар мына қобдиша біздің қазіргі қандай көңіл-күйде тұрғанымызды білдіреді. Сендер білгілерің келе ме көңіл-күйлеріңді? Олай болса мына қобдишаны бір-бірімізге береміз, берер алдында ішіне үңіліп қарап алыңдар, сонда көресіңдер көңіл-күйлеріңді. Бірақ сендер сол қобдишадағы бейнеге қарап күліулерің керек.

### 4. «Мен тыныштықты жақсы көремін» жаттығуы.

Бір баланы ортаға отырғызып басқаларды бақылау керек, кім қаншалықты тыныш жүретінін, қаншалықты іс-әрекеті тыныш болатынын.

- Балалар біздің қатысушы баламыз шуды жек көреді екен, сондықтан біз көңіл-күйін бұзбас үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз.
- Аяқтың ұшымен жүреміз.
- Бір орында тұрып әуенсіз үнсіздікте билейміз.
- Үнсіз жаттығу жасаймыз.
- Дыбыссыз күлеміз.

### 5. «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?» жаттығуы.

- Мен күнге ұқсаймын.
- Мен табиғаттың жаз мезгіліне ұқсаймын — деп әр бала өз ойларын затқа болсын, табиғи құбылысқа болсын теңеулері қажет. Баланың тілінің дамуына, сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына, дыбыстарды дұрыс айтуына пайдасы зор жаттығудың бір түрі

### 6. «Мен аяқтамаған бейне» жаттығуы.

Алдарына берілген смайликтерге бүгінгі көңіл-күйлерін бейнелету.

## 7. «Сен ғажайыпсың» жаттығуы.

Балалар біз өмірде әртүрлі адамдарды кездестіреміз. Бірақ біздер сол сол адамдармен ерекшеміз. Өйткені біз көңілдіміз. Сол көңілді күйлеріңді мәңгілікке сақтап қалуларыңа тілектеспін. Жұмсақ ойыншықты бір-бірлеріне тағы да жылы лебіздерін білдіріп бір-бірлеріне бере отырып, сабақты қорыту.

- Сабақ ұнады ма? (баланың тілімен)
- Сау болыңдар! Рахмет сабаққа қатысқандарың үшін.

**ҚМ АА** Қуәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.